



20 19 жылғы "04" мамыр

" " 20__ года

Аудиторлық есеп

Аудиторский отчет

Көлбай ауылы

№ 2

I. Кіріспе бөлік

1.1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы: «Алакөл ауданының Көлбай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай-Мекеме) Мекеме Алматы облысы Әділет департаментінің Алакөл аудандық Әділет басқармасында 2013 жылдың 29 сәуірінде қайта тіркеуден өткен. Есеп айырысу операциялары Алматы облыстық Қазынашылық Департаментінің Алакөл аудандық басқармасы арқылы жүргізіледі. Банктік сәйкестендіру коды KKMFKZ2A, жеке сәйкестендіру коды KZ29070106KSN0915090, бизнес сәйкестендіру нөмірі: 130340007192.

Занды тұлғаның орналасқан жері: Алматы облысы, Алакөл ауданы, Көлбай ауылы, Жетісу көшесі №51 үй.

1.2. Аудиторлық іс-шараның атауы: Жергілікті бюджет қаражатының Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес пайдаланылуы.

1.3. Мемлекеттік аудит объектісіндегі мемлекеттік аудиттің мақсаты: Жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға және мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына аудит жүргізу.

1.4. Мемлекеттік аудиттің мәні: 001 Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер, 013 Аудан көлемінде автожолдарды ұстау шығындары бойынша шараларды іске асыру, 022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары, 040 «Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру, 005 Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру, 008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру, 009 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету, 011 Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру. Жиынтығы аудитпен қамтылатын қаражат 47691,2 мың тенге.



Құлыс 1931 04.05.2019ж. Тап

Көшірме жасауға тыйым салынады. Снятие копий запрещается.

007718

1.5. Аудиттің типі, тексерудің түрі:Сәйкестік аудиті.

(үстеме, бірлескен немесе қатар тексеру жүргізу кезінде толтырылады)

1.6. Мемлекеттік аудит тобының құрамы: Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының бас маман — мемлекеттік аудиторы Жүнісбеков Арман Мұратбекұлы - 2016 жылдың 05 желтоқсандағы № 0193 мемлекеттік аудитор сертификаты.

1.7. Мемлекеттік аудит (тексеру) жүргізуге тапсырма:

2019 жылғы «18» сәуіріндегі №02-16/6.29-138-Т Мемлекеттік аудит (тексеру) жүргізуге тапсырма. Тапсырмаға қол қойған Манамұратов Қанат Манамұратұлы - Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі.

1.8. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2017 жылдың 01 қаңтар айынан бастап 2018 жылдың 31 желтоқсанын қоса алғанда

1.9. Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі: 2019 жылдың 29 сәуір айынан бастап 04 мамырын қоса алған аралығы.

1.10. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары: 2019 жылғы 18 сәуіріндегі аудиторлық іс — шараны жүргізу туралы № 02-13/616 хабарламасы беріле отырып, Көлбай ауылдық округінің әкімі Шакеров Ержан Шакерұлының рұқсатымен, мекеменің бас есепшісі Габдуллина Арай Сериковнаның қатысуымен жүргізілді. Аудитпен қамтылған кезеңде бірінші қол қою құқығы әкім Шакеров Ержан Шакерұлында, екінші қол қою құқығына 2017 - 02.04.2018 жылы Нұрғалиева А.Ж., 04.04.2018 — 15.07.2018 Мұхаметжанова Н.А., 16.07.2018 — 19.11.2018 жылы Мұхаметбекова Н.С. және 20.11.2018 - 31.12.2018 жылы Маусумбаева Г.С. ие болған.

1.11. Үстеме тексеру жүргізілген объектілердің тізбесі:(жүргізілген кезде көрсетіледі)

1.12. Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы қысқаша мәліметтер: Алматы облысы бойынша мемлекеттік аудит бөлімінің бас маманы-мемлекеттік аудитор М.Ботабеков 2016 жылдың қаңтарынан бастап 2016 жылдың желтоқсанын қоса алған кезеңді қамтып, жергілікті бюджеттен бөлінген қаражаттың Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес пайдалануына аудит жүргізген. Аудит 09.03.2017 жылы басталып, 13.03.2017 жылы аяқталған. Бұзықшылықтар анықталмаған.

Тексеру комиссиясының бақылауда тұрған Аудиторлық қорытындылары (Нұсқамалары) жоқ.

II. Негізгі бөлік

№1 Мемлекеттік аудит көрсеткіші:

Мәнділік, аудиторлық тәуекел деңгейлері, іріктеу параметрлері, көлемі және әдістерін нақтылау арқылы анықталған мемлекеттік аудит объектісінің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарынан ауытқуы және мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес ең жоғары жол берілетін мөлшері

айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де кателердің көлемі.

2.1. Аудит бағдарламасын ашып жазу:

Аудит бағдарламасымен қамтылған жалпы бюджет қаражатының сомасы **47691,2** мың теңге, соның ішінде жылдар бөлінісінде:

2017 жылдың қаңтар — желтоқсан айлары:

001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша — 17758,0 мың теңге;

013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша — 287,0 мың теңге;

022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша — 267,0 мың теңге;

040 «Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру» бағдарламасы бойынша — 8600,0 мың теңге.

Барлығы 26912,0 мың теңге.

2018 жылы:

001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша — 17312,2 мың теңге;

013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша — 400,0 мың теңге;

022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша — 500,0 мың теңге;

005 «Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру» бағдарламасы бойынша — 1000,0 мың теңге;

008 «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бағдарламасы бойынша — 1007,0 мың теңге;

009 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша — 189,0 мың теңге;

011 «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бағдарламасы бойынша — 371,0 мың теңге.

Барлығы 20779,2 мың теңге.

Мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын көрсеткіштер:

Мәнділік - аудиторлық тәуекел деңгейлері, іріктеу параметрлері, көлемі және әдістерін нақтылау арқылы анықталған мемлекеттік аудит объектісінің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарынан ауытқуы және мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес ең жоғары жол берілетін мөлшері

айкындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де кәсіпкердің көлемі.

Көрсеткішті қолдану бойынша түсіндірме:

Аталған көрсеткішті ашу мақсатында мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігін ескере отырып, келесідей мәнділік деңгейі айқындалды: лауазымды тұлғалар – мекеме қызметкерлерінің өз лауазымдық қызметін атқару барысында қызметтік нұсқаулықта көрсетілген міндеттердің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарын сақтауына талдау жасалды.

2.1.1. Аудит бағдарламасындағы мәселенің атаулары:

Аудиторлық іс-шараның мәселелері:

1.Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлауын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігін тексеру. 2.Есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығын, дұрыстығын тексеру. 3.Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығын тексеру. 4.Іс сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігін тексеру. 5.Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуын тексеру. 6.Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру. 7.Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру. 8.Мемлекеттік органның күрделі шығыстарының негізділігін тексеру. 9. Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыруын тексеру. 10.«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігін тексеру. 11.Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігін тексеру. 12.Елді мекенді көшелерін жарықтандыруға бөлінген шығындарын тексеру. 13.Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруға бөлінген шығындарды тексеру. 14. Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету. 15.Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер.

2.1.1.2. Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, соның ішінде:

1. Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлауын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігін тексеру.

Кезекті қаржы жылына бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша әкімшілік шығыстар бюджет комиссиясы мақұлдаған бюджеттік өтінімде ұсынылған функционалдық және экономикалық сыныптама бойынша ерекшеліктердің құрылымын ескере отырып, шығыстардың есептері негізінде қабылданған жергілікті бюджеттер туралы мәслихаттың шешімдеріне және

жергілікті бюджеттерді іске асыру туралы жергілікті атқарушы органның қаулыларына сәйкес жоспарланған.

Қаржыландыру жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бюджеттік бағдарламалар әкімшілері қарамағындағы мемлекеттік мекемелерден алынған есептемелер және өзгерістер негіздемесі қоса берілген міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарын өзгертуге өтінімдер негізінде қалыптастыратын ҚР ББС-ға сәйкес жасалған қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы анықтамалар арқылы жүзеге асырылған.

Мекемеде бюджеттік өтінімдерді жасау, тапсыру тәртібін сақтау, қаржыландырудың жеке жоспарын жасау, бекіту және өзгерістер енгізуде 04.12.2008 жылғы №95-IV (кейінгі өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 24.11.2014 жылғы №511 «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптары басшылыққа алынған. шығыс ерекшеліктері бойынша қажеттілік есептері жасалған. Ұсынылған бюджеттік өтінімдердің негіздемесі толық және есепті кезеңге айқындалған мақсат, міндеттерге сәйкес. Мекемеде қаржыландырудың жеке жоспарына аудитпен қамтылған кезеңде Алакөл аудандық мәслихатының «Алакөл ауданының 2017-2019 жылдарға арналған бюджеті туралы» №11-1 шешіміне өзгерту енгізу туралы 2017 жылы №13-1 наурыз айында, №17-1 маусым айында, №19-1 тамыз айында, №22-1 қараша айында, №23-1 желтоқсан айындағы шешімдерімен барлығы 2017 жылы 5 рет өзгертулер енгізілген. Алакөл аудандық мәслихатының «Алакөл ауданының 2018-2020 жылдарға арналған бюджеті туралы» №24-1 шешіміне өзгерту енгізу туралы 2018 жылы №28-1 ақпан айында, №33-2 сәуір айында, №37-1 тамыз айында, №42-1 қараша айындағы шешімдерімен барлығы 2017 жылы 4 рет өзгертулер енгізілген. Негізсіз өзгерістер енгізу жасалмаған.

2017 жылдың қаржыландыру жоспарының орындалуы (жергілікті қазынашылық органның №4-20 «31.12.2017 жылғы шығындардың жинақтау есебі» нысаны бойынша). Оның ішінде мемлекеттік аудитпен қамтылғаны (қаңтар – желтоқсан айлары):

001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 17759,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 17758,0 мың теңге шығысталып, немесе 99,9 пайызға орындалған;

013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 574,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 287,0 мың теңге шығысталып, немесе 50 пайызға орындалған;

022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 267,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде

аудитпен қамтылған кезеңде 267,0 мың теңге шығысталып, немесе 100 пайызға орындалған.

040 «Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 8600,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 8600,0 мың теңге шығысталып, немесе 100 пайызға орындалған.

2018 жылдың қаржыландыру жоспарының орындалуы (жергілікті қазынашылық органның №4-20 «31.12.2018 жылғы шығындардың жинақтау есебі» нысаны бойынша).

001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 17313,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 17312,2 мың теңге шығысталып, немесе 99,9 пайызға орындалған;

013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 400,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 400,0 мың теңге шығысталып, немесе 100 пайызға орындалған;

022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 500,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 500,0 мың теңге шығысталып, немесе 100 пайызға орындалған.

005 «Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру» бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 1000,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 1000,0 мың теңге шығысталып, немесе 100 пайызға орындалған.

008 «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 1007,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 1007,0 мың теңге шығысталып, немесе 100 пайызға орындалған.

009 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 189,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 189,0 мың теңге шығысталып, немесе 100 пайызға орындалған.

011 «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 371,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 371,0 мың теңге шығысталып, немесе 100 пайызға орындалған.

Жалпы алғанда Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлау бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарымен нақты шығыстар арасында елеулі айырмашылықтар болмаған, жоспарға енгізілген өзгерістер негізді.

(1-кесте: Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау туралы ақпарат аудиторлық есепке №5 қосымша қоса тіркелді).

Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлауын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігін тексеру жүргізілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

2. Есеп айырысу тәртібінің сақталуы, банк операцияларының анықтығы, дұрыстығын тексеру.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында мекемеде 2017-2018 жылдары жабдықтаушы мен мердігерге қаржы аудару барысында келісім шарттар жасалған және төлем шоттары мен жұмыстың орындалғаны жөніндегі актілерімен жүргізілген.

Мекеменің бюджеттік өтінімдердің жасалуы, тапсыру тәртібінің сақталуы 04.12.2008 ж. №95-IV (кейінгі өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету Ережесі» талаптарына негізделген. Мекеменің төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспары негізінде ай сайынғы бөлінген есептері бойынша көрсетілген қызметтерге, тауарларға бюджеттік бағдарламалардың экономикалық классификация ерекшеліктеріне сәйкес төленіп отырған. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде жеткізіп беруші мен мердігерге қаржы аудару келісім-шарты және төлем шоттары мен жұмыстың орындалғаны жөніндегі актілері негізінде жүргізілген. Ақша аударулар, міндеттемелер және төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарында қаралған (өзгерістерімен) ақша қаражаты шегінде шығын ерекшеліктеріне сәйкес қазынашылықтан тіркеуден өткен шарттар мен қаржылық рұқсаттары негізінде төлемшоттарымен аударылған және қазынашылық органының №4-20 Нысанына «Шығындардың жиынтық есебі» сәйкес келеді. Бухгалтерлік есептен өткен бастапқы құжаттарды қазынашылық органының №5-15 Нысан «Мемлекеттік мекеменің төлемдер бойынша күнделікті көшірмесі» құжатымен салыстыруда айырмашылықтар анықталған жоқ. Бюджет қаржысы қаржыландыру жоспарында қаралған ерекшеліктерге сәйкес игерілген. Аудит жүргізуде негізсіз ақша аудару сондай-ақ мақсатсыз жұмсау фактілері анықталмады. Төлем жоспарынан артық бюджет қаржысын жұмсау және жоспардан артық тыс тауарлар мен қызметтер алу фактілері болмаған. Кассалық операциялар жүргізілмеген.

001 – Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер бюджеттік бағдарламасы -

144 ерекшелік жанар жағар майларын сатып алу, 2017жылы 2 келісім шарт негізінде 775,9 мың теңгеге, 2018 жылы 1 келісім шарт негізінде 875,4 мың теңгеге жанар-жағар май сатып алынған. 2017жылы 1 келісім шарт негізінде

225,0 мың теңгеге, 2018 жылы 1 келісім шарт негізінде 334,0 мың теңгеге көмір сатып алынған.

149 ерекшелік өзге де қорларды сатып алу 2017 жылы 55 келісім шарт негізінде 643,7 мың теңгеге, 2018 жылы 43 келісім шарт негізінде 818,2 мың теңгеге кеңсе тауарлары сатып алынған.

151 ерекшелік коммуналдық қызметтерге төлемдер, 2017 жылы 1 келісім шарт негізінде 67,1 мың теңгеге, 2018 жылы 1 келісім шарт негізінде 73,2 мың теңге Жетысу Энерготрейд ЖШС-на төленген.

152 ерекшелік байланыс қызметіне төлемдер, 2017 жылы 2 келісім шарт негізінде 365,0 мың теңге, 2018 жылы 2 келісім шарт негізінде 476,6 мың байланыс қызметіне төленген.

159 ерекшелік өзге де қызметтер мен жұмыстардың ақысы бойынша 2017 жылы 14 келісім шарттар негізінде 1555,0 мың теңге: оқуға, Парус бағдарламасының қызмет көрсетуіне, ақпараттық көмек, компьютерлерге техникалық қызмет көрсету жұмыстарына, банктік т.б. қызметтерге жұмсалған. 2018 жылы 12 келісім шарттар негізінде 1543,7 мың теңге: оқуға, Парус бағдарламасының қызмет көрсетуіне, компьютерлерге техникалық қызмет көрсету жұмыстарына, банктік т.б. қызметтерге жұмсалған.

Есеп айырысу тәртібі сақталған, банк операциялары анық, дұрыс жүргізілген. Бағдарлама мәселесі Есеп айырысу тәртібінің сақталуы, банк операцияларының анықтығы, дұрыстығына тексеру жүргізілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығын тексеру.

Мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақыларын есептеу және төлеу, Мекеменің штаттық кестесі 2017 жылы 7 бірлік санын құрап, 650,4 мың теңге айлық еңбек ақы қорымен, 2018 жылы 5 бірлік санын құрап, 489,9 мың теңге айлық еңбек ақы қорымен Алакөл ауданының экономика бөлімінің басшысымен келісіліп жүргізілген. 2017 жылы ER-1 санаты бойынша – 1 бірлік (басшы), EG -3 санаты бойынша – 5 бірлік (бас маман), EG -4 санаты бойынша 1 бірлік (жетекші маман), 2018 жылы ER-1 санаты бойынша – 1 бірлік (басшы), EG -3 санаты бойынша – 4 бірлік (бас маман).

Мекеменің әкімшілік қызметкерлеріне еңбек ақы Қазақстан Республикасы Президентінің «Мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы органдарының әкімшілік қызметкерлеріне еңбек ақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» 17.01.2004 ж. №1284 Жарлығына сәйкес есептеліп төленген.

Қызметкерлердің лауазымдық жалақылары мамандығы бойынша комиссия анықтаған жұмыс өтіліне, жұмыскер атқаратын лауазымды қызметтің категориясына, квалификациялық разрядтарға сәйкес анықталған коэффициенттер мен Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген базалық лауазымдық жалақылары негізінде анықталған.

Мекеменің 2017 жыл қаңтарынан 2018 жыл аралығына техникалық қызметкер жүргізуші 6 бірліктен құралып айлық еңбек ақы қоры 2017 жылы 248,2 мың теңге, 2018 жылы 259,9 мың теңгеге жүргізілген. Тарификациялық тізімі мекеме басшысымен бекітілген.

Оларға еңбекақы төлеуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысы басшылыққа алынған.

Мекемеде қызметкерлердің еңбек өтілін есептеу комиссиясы құрылып, еңбек өтілі анықталған. Аудиторлық іс-шарамен қызметкерлердің жеке іс құжаттары, жұмысқа қабылданғаны туралы, босатылғаны, еңбек демалысын алуы туралы бұйрықтар, жұмыс уақытын пайдалану табелі және т.б. құжаттары тексеріліп, еңбек өтілі анықталып тексерілді.

Мемлекеттік қызметшілерге еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды есептеу және төлеу барысында Қазақстан Республикасының Үкіметінің 29.08.2001ж. №1127 «Мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру жоспарында қаралған қаржының үнемделуінен сыйақы, материалдық көмек көрсету және қосымша ақы төлеудің бірыңғай ережесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес есептеліп төленген.

Еңбек демалысының төлемдерін немесе пайдаланылмаған еңбек демалысының күндерінің төлемдерін, уақытша еңбекке жарамсыздыққа, жүктілікке, бала тууға байланысты жәрдемақыларды төлеуде орташа жалақы есептеу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 30.11.2015 жылғы №908 «Орташа жалақы есептеудің бірыңғай қаридалары» бұйрығына сәйкес есептелген.

Мекеме қызметкерлерінің еңбекақыларын реттеу, лауазымдық жалақылары, тарифтік ставкалары, еңбекақыға үстеме және қосымша ақылары дұрыс белгіленген.

Бағдарлама мәселесі Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығына тексеру жүргізілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

4. Іс сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігін тексеру.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған мерзім аралығында іс-сапар шығындарына мекемеде:

2017 жылы 001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының 161 ерекшелігінен «Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар» - 427,1 мың теңге қарастырылып, нақты 427,1 мың теңге болып игерілген. 136 ерекшелігінен - 81,0 мың теңге қарастырылып, нақты 81,0 мың теңге болып игерілген.

2018 жылы 001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер»

бюджеттік бағдарламасының 161 ерекшелігінен «Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар» - 474,4 мың теңге қарастырылып, нақты 474,4 мың теңге болып игерілген. 136 ерекшелігінен - 108,0 мың теңге қарастырылып, нақты 107,9 мың теңге болып игерілген.

Іссапар шығындарын өтеулер Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы аумағында іссапар ережесін бекіту туралы» 2000 жылдың 22 қыркүйегіндегі №1428 (кейінгі толықтырулар мен өзгертулер енгізілген) қаулысының талаптарына сәйкес өтелген және ҚР Қаржы Министрлігінің 2009 жылғы 06 тамызындағы №331 «Мемлекеттік мекемелердің карт есебі және кассадағы акша қалдығының лимитін анықтау, кассалық операцияларды жүргізу ережесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес іс-сапар шығындарының төлемдері әр адамның жеке карт шоттарына аудару арқылы жүргізілген.

Бағдарлама мәселесі іссапарға қаражаттарды пайдаланудың негізділігі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

5. Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуын тексеру.

Мекеме Алакөл ауданы, Көлбай ауылы, Жетісу көшесі 51 үй мекен-жайында орналасқан «Алакөл ауданының Көлбай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің балансындағы ғимараттың жалпы алаңы 462,1 шаршы метр болатын жайда орналасқан. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 335 Қаулысына сай мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыруға арналған алаңдар нормалары сақталған. Мекеменің теңгерімінде «Лада 21214» маркалы мемлекеттік тіркеу нөмірі 233VV 05, 2012 жылы шығарылған 1 қызметтік автокөлік бар. Қосалқы бөлшектер ақаулы актілерге сай есептен шығарылған.

2017 жылы Тапсырыс беруші» мен «Братья Молдакуловы» ЖШС арасында 2017 жылдың 07 сәуірінде бензин отыны- 752,5 мың теңгеге №33 келісім-шарты, 2018 жылы «Тапсырыс беруші» мен «Алакөл Каримов Д.Е.» ЖК арасында 2018 жылдың 30 қаңтарында бензин отыны- 875,4 мың теңгеге келісім-шарты жасалған. Есеп шот-фактуралары негізінде аталған тауарлар алынып нормаға сай жұмсалған.

Жанар-жағар май және автокөлікті ұстау шығындары Қазақстан Республикасы көлік және коммуникациялар министрлігінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 қыркүйектегі № 1210 «Автокөлікті ұстау шығындары және жанар-жағар май шығыс нормасы» қаулысына сәйкес шығысталған. Мемлекеттік органның пайдаланатын алаңдары, қызметтік автокөліктері «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кенсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №179 бұйрығының нормаларына сай пайдаланылған.

Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік және арнайы автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуы мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

6. Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру.

Мекеме ғимараты қатты отынды жылу пешінен жылытылады. 2017 жылы «Тапсырыс беруші» мен «Кислякова В.В.» ЖК арасында 2017 жылдың 08 қыркүйегінде көмір отыны - 49,5 мың теңгеге №53 келісім-шарты және көмір отыны - 225,0 мың теңгеге №54 келісім-шарты жасалған. 2018 жылы «Тапсырыс беруші» мен «Инкарбекова» ЖК арасында 2018 жылдың 03 тамызында көмір отыны - 333,9 мың теңгеге №34 келісім-шарты жасалып есеп шот-фактуралары негізінде аталған тауарлар алынып жеткізілген. Электр энергиясы үшін «ЖетысуЭнергоТрейд» ЖШС-мен жасалған келісім шарттар негізінде қойылған есеп шот фактуралармен 2017 жылы электр энергиясы үшін 131,4 мың.тенге, 2018 жылы 152,2 мың теңге қаржы аударылған. «Қазақтелеком» АҚ филиалымен жасалған келісім шарт негізінде қойылған есеп шот фактураларымен 2017 жылы байланыс үшін 365,0 мың.тенге 2018 жылы 476,6 мың.тенге қаржы аударылған. Көрсетілген қызметтердің бағалары мен тарифтері Алматы облысы бойынша реттелген бағалар мен тарифтерге сәйкес.

Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу, шарттарды жасау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.11.1998ж. №1118 «Бюджеттен қаржыланатын мекемелерде электр энергиясын, жылыту, ыстық және суық су басқа да коммуналдық қызметтер мөлшерлерін бекіту туралы» қаулысына сәйкес жүзеге асырылған. Коммуналдық қызметтер бойынша «Қазақтелеком» АҚ филиалымен және «ЖетысуЭнергоТрейд» ЖШС – мен жасалған шарттар қазынашылықта тіркелген және көрсетілген қызметтеріне сәйкес ай сайынғы ұсынылған шот-фактуралар негізінде төленіп отырған.

Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

Бағдарлама мәселесі коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру жүргізілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

7. Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру.

2018 жылдың 1 қаңтарына тапсырылған мекеменің қаржылық есептілігіне сәйкес баланс 2262,4 мың теңгені құраған, негізгі құралдар – 986,9 мың теңге және материалдық емес активтердің баланстық құны 273,4 мың теңге.

2019 жылдың 1 қаңтарына тапсырылған мекеменің қаржылық есептілігіне сәйкес баланс 2667,1 мың теңгені құраған, негізгі құралдар – 1162,9 мың теңге және материалдық емес активтердің баланстық құны 236,6 мың теңге.

Бухгалтерлік есеп жүргізу мекемеде жалпы 2008 жылдың 4 желтоқсандағы №95-IV Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Бюджет Кодексі, «Есеп саясатын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі №444 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жасалған; Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі басшылыққа алынып, «Парус-КАЗ БЮДЖЕТ» ақпараттық бағдарламасында қанағаттандырылғы есеп жүргізілген. Тоқсандық, жылдық есептер толық жасалып, тиісті қосымшаларымен жоғары уәкілетті орындарға белгіленген уақытында тапсырылған.

Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

8. Мемлекеттік органның күрделі шығыстарының негізділігін тексеру.

2017 жылы 022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 267,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 267,0 мың теңге шығысталып, немесе 100 пайызға орындалған, оның ішінде:

414 «машиналар жабдықтар, өндірістік және шаруашылық құралдарын сатып алу» ерекшелігі бойынша 267,0 мың теңге қаралып игерілген.

«Тапсырыс беруші» мен «Мекен kz» ЖШС арасында 2017 жылдың 02 ақпанында ел таңбасы 2 дана 140,0 мың теңгеге және ту 3 дана 140,0 мың теңгеге, жалпы соммасы - 200,0 мың теңгеге №13 келісім-шарт жасалынып. «Тапсырыс беруші» мен «Мекен kz» ЖШС арасында 2017 жылдың 06 желтоқсанда ел таңбасы 1 дана 67,0 мың теңгеге №64 келісім-шарт жасалынып.

Келісім шарттың 1 қосымшасына сәйкес, есеп шот-фактурасы негізінде аталған тауарлар жеткізілген.

2018 жылы 022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 500 мың теңге жоспарланған, 500 мың теңгеге шығысталып, немесе 100,0 пайызға орындалған, оның ішінде

414 «машиналар жабдықтар, өндірістік және шаруашылық құралдарын сатып алу» ерекшелігі бойынша 500,0 мың теңге қаралып игерілген.

«Тапсырыс беруші» мен «Ардақ и К Есимканов А.С.» ЖК арасында 2018 жылдың 15 наурызында принтер 2 дана сатып алу туралы - 160,0 мың теңгеге №19 келісім-шарты, «Тапсырыс беруші» мен «Ардақ и К Есимканов А.С.» ЖК арасында 2018 жылдың 15 наурызында компьютер 1 дана сатып алу туралы - 140,0 мың теңгеге №20 келісім-шарты, «Тапсырыс беруші» мен «Ардақ и К Есимканов А.С.» ЖК арасында 2018 жылдың 15 наурызында ноутбук 1 дана сатып алу туралы - 200,0 мың теңгеге №21 келісім-шарты жасалған.

Есеп шот-фактуралары негізінде аталған тауарлар мерзімінде жеткізілген.

Бағдарлама мәселесі Мемлекеттік органның күрделі шығыстарының негізділігі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

9. Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыруын тексеру.

2018 жылы 005 «Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 1000,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 1000,0 мың теңге шығысталай, немесе 100 пайызға орындалған, оның ішінде:

153 «Көлік қызметіне ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 1000,0 мың теңге қаралып игерілген.

«Тапсырыс беруші» мен «Китапова» ЖК арасында 2018 жылдың 29 қаңтарында балаларды көлікпен мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келу үшін - 560,0 мың теңгеге №9 келісім-шарт және 2018 жылдың 29 қаңтарында - 440,0 мың теңгеге №10 келісім-шарттар жасалынған.

Келісім шарттың 1 қосымшасына сәйкес, есеп шот-фактурасы негізінде аталған жұмыстар атқарылған.

Бағдарлама мәселесі Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыруы тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

10. «Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігін тексеру.

2017 жылы 040 «Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 8600,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 8600,0 мың теңге шығысталай, немесе 100 пайызға орындалған, оның ішінде:

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 8600,0 мың теңге қаралып игерілген.

«Тапсырыс беруші» мен ПЖК «Алакөлжылу» МКК арасында 2018 жылдың 05 маусымында шағын орталығы бар Көлбай орта мектебінің спорт алаңын ағымдағы жөндеу өткізу үшін - 8600,0 мың теңгеге №22 келісім-шарт жасалынған.

Келісім шарттың 1 қосымшасына сәйкес, есеп шот-фактурасы негізінде аталған жұмыстар 8600,0 мың теңгеге уақытында атқарылған.

Бағдарлама мәселесі «Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

11. Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігін тексеру.



2017 жылы 013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 574,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 287,0 мың теңге шығысталып, немесе 50 пайызға орындалған, оның ішінде:

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 574,0 мың теңге қаралып 287,0 мың теңге игерілген.

«Тапсырыс беруші» мен «Турусбаев С.Ж.» ЖК арасында 2017 жылдың 06 қарашасында ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін - 574,0 мың теңгеге №56 келісім-шарт жасалынып.

Келісім шарттың 1 қосымшасына сәйкес, есеп шот-фактурасы негізінде аталған жұмыстар атқарылған.

2018 жылы 013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 400,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 400,0 мың теңге шығысталып, немесе 100 пайызға орындалған, оның ішінде:

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 400,0 мың теңге қаралып игерілген.

«Тапсырыс беруші» мен «К/Х Ельтай» ЖК арасында 2018 жылдың 31 қаңтарында ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін - 400,0 мың теңгеге №8 келісім-шарт жасалынып.

Келісім шарттың 1 қосымшасына сәйкес, есеп шот-фактурасы негізінде аталған жұмыстар 287,0 мың теңгеге атқарылған.

Бағдарлама мәселесі Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

12.Елді мекенді көшелерін жарықтандыруға бөлінген шығындарын тексеру.

2018 жылы 008 «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 1007,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 1007,0 мың теңге шығысталып, немесе 100 пайызға орындалған, оның ішінде:

151 «Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 669,1 мың теңге қаралып игерілген.

Тапсырыс беруші» мен «Жетысу Энерготрейд» ЖШС арасында 2018 жылдың 24 қаңтарыда көшедегі шам жарықтандыру үшін - 827,0 мың теңгеге №4 келісім-шарт жасалынған.

Келісім шарттардың 1 қосымшасына сәйкес, есеп шот-фактурасы негізінде 669,1 мың теңгеге атқарылған.

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 337,9 мың теңге қаралып игерілген.

«Тапсырыс беруші» мен ШЖҚ «Алакөл Су» МКК арасында 2018 жылдың 26 желтоқсанында көшедегі шам столбтарын жөндеу үшін - 180,0 мың теңгеге

№42 келісім-шарт және 2018 жылдың 26 желтоқсанында көшедегі трансформаторларды жөндеу үшін - 157,9 мың теңгеге №43 келісім-шарт жасалынған.

Келісім шарттардың 1 қосымшасына сәйкес, есеп шот-фактурасы негізінде аталған тауарлар мерзімінде жеткізілген.

Бағдарлама мәселесі Елді мекенді көшелерін жарықтандыруға бөлінген шығындары тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

13. Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруға бөлінген шығындарды тексеру.

2018 жылы 011 «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 371,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 371,0 мың теңге шығысталаып, немесе 100 пайызға орындалған, оның ішінде:

149 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 200,0 мың теңге қаралып игерілген.

«Тапсырыс беруші» мен «Мукубаева» ЖК арасында 2018 жылдың 13 сәуірінде ауылдық извесь, бояу және т.б. заттар үшін - 200,0 мың теңгеге №26 келісім-шарт жасалынған.

Келісім шарттың 1 қосымшасына сәйкес, есеп шот-фактурасы негізінде аталған тауарлар мерзімінде жеткізілген

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 171,0 мың теңге қаралып игерілген.

«Тапсырыс беруші» мен «Чингис Инк» ЖШС арасында 2018 жылдың 20 маусымында билборд жасау үшін - 171,0 мың теңгеге №28 келісім-шарт жасалынған.

Келісім шарттың 1 қосымшасына сәйкес, есеп шот-фактурасы негізінде аталған тауарлар мерзімінде жеткізілген.

Бағдарлама мәселесі Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруға бөлінген шығындары тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

14. Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету.

2018 жылы 009 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 189,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 189,0 мың теңге шығысталаып, немесе 100 пайызға орындалған, оның ішінде:

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 189,0 мың теңге қаралып игерілген.

«Тапсырыс беруші» мен ШЖК «Алакөлжылу» МКК арасында 2018 жылдың 16 сәуірінде елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету үшін - 189,0 мың теңгеге №22 келісім-шарт жасалынған.

Келісім шарттың 1 қосымшасына сәйкес, есеп шот-фактурасы негізінде аталған жұмыстар 189,0 мың теңгеге атқарылған.

Бағдарлама мәселесі Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз етуі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

15. Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер. Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер туындаған жоқ.

III. Қорытынды бөлік.

3.1. Мемлекеттік аудит объектісі бойынша жалпы тұжырымдар:

3.1.1 Заңнаманың, ішкі нормативтік актілердің және құжаттардың сақталуын және (немесе) бағдарламаның мақсатына, көрсеткіштеріне (өлшемшарттарына) Сәйкес мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тиімділігін бағалау:

Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігін ескере отырып, келесідей мәнділік деңгейі айқындалды: аудит жүргізу барысында аудит бағдарламасымен қамтылған соманың, яғни 47691,2 мың теңгенің 0,1 пайызы сомасында нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкессіздік, бұзушылықтар анықталуы.

Аудиторлық тәуекел деңгейлері – жабдықтаушылармен және мердігерлермен есеп-айырысулардың және еңбекақы есептеу және төлеу құжаттарының тексерілмеген түпнұсқалары.

Іріктеу параметрлері – 2017 жылдың 1 қаңтарынан 2018 жылдың 31 желтоқсанын қоса алғандағы мерзім бойынша ұсынылған бюджеттік өтінім қосымшаларымен бірге - толығымен, келісім – шарттар – толығымен, еңбекақы есептеу және төлеу құжаттары – әрбір екінші құжат қаралды, іс-сапар құжаттары - толығымен, пайдаланатын алаңдар бойынша құжаттардың түпнұсқалары – толығымен, жабдықтаушылармен және мердігерлермен есеп-айырысулардың түпнұсқалары толығымен қаралды. 2017 - 2018 жылдардың қаржылық есептіліктері тексерілді. Іріктеліп тексерілген құжаттардан нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкессіздіктер анықталмағандықтан, тәуекел деңгейі жоғарылаған жоқ. Еңбекақы есептеу және төлеу құжаттарының іріктеп алғанынан басқалары тексерілмеді.

3.1.2. Аудиторлық іс-шараның негізгі нәтижелері: Сәйкестікке аудит жүргізу барысында нормативтік құқықтық актілердің талаптарын бұзушылықтар, сәйкессіздіктер анықталмады. Бұзушылық деңгейі – 0 пайыз, айқындалған мәнділіктің деңгейінен төмен. Жалпы талдау мекеме аудиторлық тәуекел деңгейлері, іріктеу параметрлері, көлемі және әдістерін нақтылау арқылы анықталған мемлекеттік аудит объектісінің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарынан ауытқуы және мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес, елеулі қателер болмаған кезде – қаржылық есептілік жөніндегі оң аудиторлық есеп болып танылып, қанағаттанарлық қызмет атқарғанын көрсетеді.

3.2. Мемлекеттік аудит жүргізудегі кедергілер: Мемлекеттік аудит объектісі лауазымды адамдарының Тексеру комиссиясы қызметкерлерінің мемлекеттік аудит жүргізуіне кедергі келтіру фактілері болған жоқ.

3.3. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар: Мемлекеттік аудит барысында шаралар қабылданған жоқ.

IV. Қосымшалар:

- 1) Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап №1 қосымшасы (2 парақта); қосымшаның 1-2 парағы
- 2) Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі № 2 қосымша (4 парақта); қосымшаның 3-6 парағы
- 3) Апталық есеп (1 парақта); № 3 қосымшаның 7 парағы
- 4) 1-кесте: Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау туралы ақпарат №4 қосымша (3 парақта); қосымшаның 8-10 парағы
- 5) Аудиторлық іс-шара мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған мемлекеттік аудит (тексеру) жүргізілген құжаттардың тізбесі №5 қосымша (1-парақта); қосымшаның 11 парағы
- 6) Мекеме басшысының ұсыным хаты №6 қосымша (1 парақта) қосымшаның 12 парағы
- 7) Құрылтай құжаттарының (анықтама, ереже) көшірмелері №7 қосымша (8 парақта); қосымшаның 13-20 парағы
- 8) Бақылау өлшемі (тексеріп қарау) АҚТІСІ №8 қосымша (1 парақта); қосымшаның 21 парағы;

Тексеру комиссиясының қызметкері:

Бас маман – мемлекеттік аудитор



А.Жүнісбеков

Мемлекеттік органдардан тартылған мамандар, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың жұмыскерлері, сарапшылар:

(лауазымы)

(қолы, аты-жөні, тегі)

Аудиторлық есеп екі данада жасалды.

1-ші дана № 007717 бланкте: «Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесіне;

2-ші дана № 007718 бланкте «Алакөл ауданының Көлбай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекемесіне;